

Бірлік пен ынтымақ айы

«Мен бәріне бейбітшілік тілеймін»





«Мен бәріне бейбітшілік тілеймін» атты іс-шара балабақшада ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілердің бойына достық, татулық, мейірімділік пен бейбітшілік құндылықтарын сіңіру, өзара сыйластық пен құрмет сезімдерін қалыптастыру.

Іс-шара барысында балалар бейбітшілік туралы тақпақтар айтып, ән шырқап, сурет салып, шығармашылық жұмыстарын ұсынды. Өңгімелесу, ойындар ұйымдастырылып, достық пен бірлік туралы түсініктері кеңейтілді.

Шара жоғары деңгейде өткізіліп, тәрбиеленушілерге қуаныш сыйлап, бейбіт өмірдің қадірін түсінуге ықпал етті.

«Балабақша қош бол!» атты ертеңгілік





Балабақша, қош бол!» атты ертеңгілік

Мақсаты: Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің балабақшамен қоштасу сәтін әсерлі ұйымдастыру, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, мектепке деген қызығушылықтарын арттыру.

«Балабақша, қош бол!» атты мерекелік ертеңгілік жоғары деңгейде өткізілді. Ертеңгілік барысында тәрбиеленушілер ән айтып, билеп, тақпақтарын мәнерлеп оқып, балабақшадағы қызықты сәттерін еске алды.

Мерекеге ата-аналар мен балабақша ұжымы қатысып, бүлдіршіндерге жылы лебіздері мен ақ тілектерін білдірді. Шара балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, олардың мектеп өміріне сеніммен қадам басуына жол ашты.